| | |
|---|---|
| **Бекітілген:**<br>**«Шұбаркөл Премиум» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы «04» мая № 1-22 хаттамасы** | **Утверждены:**<br>**Протоколом внеочередного общего собрания акционеров Акционерного общества «Шубарколь Премиум» № 1-22 от «04» мая 2022 года** |

| **«Шұбаркөл Премиум» Акционерлік қоғамының жарғысына ӨЗГЕРІСТЕРі мен ТОЛЫҚТЫРУЛАРы** | **ИЗМЕНЕНИЯ и ДОПОЛНЕНИЯ В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «Шубарколь Премиум»** |
|---|---|
| 1. Жарғының 11бабындағы 124 тармағы мынадай редакцияда өзгертілсін және жазылсын: | 1. Пункт 124. статьи 11 Устава изменить и изложить в следующей редакции: |
| «124. «Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады: | «124. К исключительной компетенции совета директоров относятся следующие вопросы: |
| 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, сондай-ақ атқарушы орган қызметінің түйінді көрсеткіштерін бекітуі; | 1) определение приоритетных направлений деятельности Общества, а также утверждение ключевых показателей деятельности исполнительного органа; |
| 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауы; | 2) принятие решения о созыве годового и внеочередного общего собраний акционеров; |
| 3) Жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдауы; | 3) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации); |
| 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы; | 4) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа; |
| 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерден кешіктірмей, жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекітуі; | 5) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности, не позднее сроков, установленных законодательством РК; |
| 6) Қоғамның жылдық есебін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерден кешіктірмей бекітуі; | 6) утверждение годового отчета Общества не позднее сроков, установленных законодательством РК; |
| 7) Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құруы, олардың мүшелерін сайлауы, сондай-ақ директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекітуі; | 7) образование комитетов при совете директоров, избрание их членов, а также утверждение положений о комитетах совета директоров; |
| 8) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындауы, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдауы; | 8) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества, а также принятие решений об их выпуске; |
| 9) Атқарушы органның сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындауы, оның | 9) определение количественного состава, срока полномочий исполнительного органа, избрание его руководителя и членов (лица, единолично осуществляющего функции |

СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

| | |
|---|---|
| басшысын және мүшелерін (атқарушы органның және оның орынбасарларының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлауы, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуы;<br>10) Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлық ақы беру шарттарын айқындауы;<br>11) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауы, оның басшысы мен мүшелерін тағайындауы, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуы, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындауы;<br>12) Корпоративтік хатшыны тағайындауы, оның өкілеттік мерзімін айқындауы және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындауы;<br>13) Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;<br>14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, кадр саясатын, корпоративтік әдеп кодексін, корпоративтік жанжалдар туралы ережені, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі жөніндегі саясатты, атқарушы орган (басқарма) туралы ережені, стратегияны әзірлеу қағидаларын, Директорлар кеңесі туралы ережені, ішкі аудит қызметі туралы ережені, дивидендтік саясат, инвестициялық саясат, басқарушы персоналға сыйақы төлеу қағидалары, жұмыскерлерге еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау туралы ереже; | исполнительного органа и его заместителей), а также досрочное прекращение их полномочий;<br>10) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования руководителя и членов исполнительного органа (лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа);<br>11) определение количественного состава, срока полномочий службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита;<br>12) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря;<br>13) определение размера оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций Общества, либо являющегося предметом крупной сделки;<br>14) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Общества (за исключением документов, принимаемых исполнительным органом в целях организации деятельности Общества), в том числе внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг Общества, кадровая политика, кодекс корпоративной этики, положение о корпоративных конфликтах, политика по управлению рисками и системе внутреннего контроля, положение о исполнительном органе (правлении), правила разработки стратегии, положение о Совете директоров, положение о службе внутреннего аудита, дивидендная политика, инвестиционная политика, правила выплаты вознаграждения управленческому персоналу, положение об оплате труда, премирования и социальной поддержки работников; положение о закупке товаров, |

| | |
|---|---|
| тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ереже, төлемдерді жоспарлау, келісу және жүзеге асыру туралы ереже; ақпаратты қорғау және қорғалған ақпараты бар құжаттармен жұмыс істеу тәртібі туралы ереже (жария етпеу туралы келісім нысанын қоса алғанда); қоғамның қызметтік іс-сапарларға жіберілетін жұмыскерлеріне шығыстарды өтеудің тәртібі мен шарттарды бекітуі;<br>15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешімдер қабылдауы және олар туралы ережелерді бекітуі;<br>16) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) және өзге де бағалы қағаздарын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдауы;<br>17) Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдауы;<br>18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайтуы;<br>19) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындауы;<br>20) Ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдауы;<br>21) Еншілес ұйымдар бойынша бөле отырып, шоғырландырылған бюджетті және қоғамның тиісті жылға шоғырландырылған бизнес-жоспарын алдыңғы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей бекітуі, сондай-ақ қоғамның шоғырландырылған бюджетіне түзетулерді бекіту (тоқсан, жартыжылдық, жыл не өзге де ерекше жағдайларда) және қоғамның тиісті жылға немесе өзге кезеңге бюджетінің атқарылуы туралы есепті тыңдауы; | работ, услуг, положение о планировании, согласовании и осуществлении платежей; положение о защите информации и порядке работы с документами, содержащими защищенную информацию (включая форму соглашения о неразглашении); положение о порядке и условии возмещения расходов работникам Общества, направляемым в служебные командировки;<br>15) принятие решений о создании и закрытии филиалов и представительств Общества и утверждение положений о них;<br>16) принятие решения о приобретении (отчуждении) Обществом акций (долей участия в уставном капитале) и иных ценных бумаг других юридических лиц;<br>17) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Обществу;<br>18) увеличение обязательств Общества на величину, составляющую десять и более процентов размера его собственного капитала;<br>19) определение информации об Обществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;<br>20) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых обществом имеется заинтересованность, за исключением крупных сделок, решение о заключении которых принимается общим собранием акционеров общества;<br>21) утверждение консолидированного бюджета с разбивкой по дочерним организациям и консолидированного бизнес-плана Общества на соответствующий год, не позднее 20 декабря предшествующего года, а также утверждение корректировок консолидированного бюджета Общества (квартал, полугодие, год, либо в иных исключительных случаях) и заслушивание отчета об исполнении бюджета Общества за соответствующий год или иной период;<br>22) утверждение штатной численности и организационной структуры Общества и его филиалов (представительств); |

| | |
|---|---|
| 22) Қоғамның және оның филиалдарының (өкілдіктерінің) ұйымдық құрылымын бекітуі;<br>23) Қоғамның мынадай мәмілелерді (өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын) жасасуы, өзгертуі, толықтыруы және/немесе мерзімінен бұрын бұзуы туралы шешім қабылдауы:<br>- Екінші деңгейдегі банктердің, өзге де қаржы ұйымдарының және үшінші тұлғалардың қатысуымен қарыздар, кредиттер, қаржылық көмек беру/алу бойынша кез келген мәмілелерді;<br>- қоғам кепілгер және/немесе кепілгер ретінде әрекет ететін не кепіл беруші тарап ретінде әрекет ететін мәмілелерді;<br>- жылжымайтын мүлікті сатып алу және өткізу бойынша,<br>- автокөлік құралдарын сатып алу және өткізу бойынша 30 000 000 теңгеден астам соммаға;<br>- қоғам мүлкін өтеусіз иеліктен шығару немесе өтеусіз пайдалануға беру туралы;<br>- талап ету құқықтарын беру және борышты аудару бойынша;<br>- қоғамның, сондай-ақ еншілес ұйымдардың негізгі қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша бюджетте көзделмеген шығындарға, амортизацияны және басқа да ақшалай емес шығыстарды шегере отырып және/немесе 500 000 000 теңгеден астам негізгі қызмет бойынша бекітілген бюджет сомасының 10% - ынан астам бюджеттік жыл ішінде жиынтық құнға күрделі шығындарға әкеп соғатын мәмілелерді және өзара байланысты мәмілелердің немесе шешімдердің жиынтығын жасасуы және көрсетілген мәмілелерге өзгерістер мен толықтырулар, және/немесе 100 000 000 теңгеден астам амортизацияны және басқа да ақшалай емес шығыстарды шегергенде және / немесе 100 000 000 теңгеден астам бюджет жылы ішінде жиынтық құнға 10% - дан астам бюджет шығыстарына, көрсетілген мәмілелерге өзгерістер мен толықтыруларға және оларды мерзімінен бұрын бұзуға әкеп соғатын мәмілелерді және өзара байланысты мәмілелердің немесе шешімдердің жиынтығын білдіреді».<br>2. Жарғының 12-бабындағы 131- | 23) принятие решения о заключении, изменении, дополнении и/или досрочном расторжении Обществом следующих сделок (совокупности взаимосвязанных между собой сделок):<br>- любых сделок с участием банков второго уровня, иных финансовых организаций и третьих лиц по предоставлению/получению займов, кредитов, финансовой помощи;<br>- сделок, в которых Общество выступает в качестве гаранта и/или поручителя либо выступает стороной, предоставляющей залог;<br>- по приобретению и реализации недвижимого имущества,<br>- по приобретению и реализации автотранспортных средств на сумму свыше 30 000 000 тенге;<br>- о безвозмездном отчуждении или передачи в безвозмездное пользование имущества Общества;<br>- по переуступке прав требований и переводу долга;<br>- о заключении Обществом, а также дочерними организациями сделок и совокупности взаимосвязанных сделок или решений, влекущих непредусмотренные бюджетом затраты по приобретению, товаров, работ и услуг в рамках основной деятельности, капитальных затрат на совокупную стоимость в течении бюджетного года свыше 10% от суммы утвержденного бюджета по основной деятельности за минусом амортизации и других не денежных расходов и/или более 500 000 000 тенге, изменения и дополнения в указанные сделки и их досрочное расторжение о заключении Обществом, а также дочерними организациями сделок и совокупности взаимосвязанных сделок или решений, влекущих непредусмотренные бюджетом затраты на совокупную стоимость в течении бюджетного года свыше 10% от суммы утвержденного бюджета административных затрат за минусом амортизации и других не денежных расходов и/или более 100 000 000 тенге, изменения и дополнения в указанные сделки и их досрочное расторжение.». |

| | |
|---|---|
| тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда өзгертілсін және жазылсын:<br>«9) қоғамның ішкі ұйымына қатысты штат санына, штат кестесіне, ережелеріне, нұсқаулықтарына, қағидаларына, оның ішінде: ішкі еңбек тәртібі қағидаларына, вахталық әдіс туралы ережеге, өткізу режимі туралы ережеге, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерге, құрылымдық бөлімшелердің бөлімдері туралы ережеге, қызметкердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы ережеге (нұсқаулыққа), қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті өндірістік бақылау туралы ережеге, қызметкерлерді арнайы киіммен қамтамасыз ету тәртібі туралы ережеге, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен жабдықталған арнайы аяқ киіммен, өрт қауіпсіздігі жөніндегі ережеге (нұсқаулыққа), өткізу және объектішілік режимдер туралы ережеге (нұсқаулыққа), лауазымдық нұсқаулықтарға; мөртаңбаларды, мөрлерді қолдану, сақтау, жою жөніндегі нұсқаулықтарға, Қоғам бюджетінде көзделген шеңберде қоғам қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларына қол қояды және бекітеді;». | 2. Подпункт 9) п. 131 статьи 12 Устава изменить и изложить в следующей редакции:<br>«9) подписывает и утверждает, штатное расписание, положения, инструкции, правила, касающиеся внутренней организации Общества, в том числе: правила внутреннего трудового распорядка, положение о вахтовом методе, положение о пропускном режиме, положения о структурных подразделениях, положения об отделах структурных подразделений, положения (инструкции) о безопасности и охране труда работника, положение о производственном контроле за промышленной безопасностью на опасных производственных объектах, положение о порядке обеспечения работников специальной одеждой, специальной обувью и другими средствами индивидуальной защиты, положения (инструкции) по пожарной безопасности, положения (инструкции) о пропускном и внутри объектовых режимах, должностные инструкции, инструкции по применению, хранению, уничтожению штампов, печатей, программы подготовки и повышения квалификации работников Общества в рамках, предусмотренных бюджетом Общества;». |
| 3. Жарғының 12-бабының 131-тармағы Жарғының 12) тармақшасымен толықтырылсын және мынадай редакцияда жазылсын:<br>«12) Мыналар туралы шешім қабылдайды:<br>- автокөлік құралдарын 30 000 000 теңгеден аспайтын сомаға сатып алу және сату;<br>- қоғамның, сондай-ақ еншілес ұйымдардың негізгі қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша бюджетте көзделмеген шығындарға әкеп соғатын мәмілелерді және өзара байланысты мәмілелердің немесе шешімдердің жиынтығын, амортизацияны және басқа да ақшалай емес қаражатты шегергендегі негізгі қызмет бойынша бекітілген бюджет сомасының 10% - ынан аспайтын бюджеттік жыл ішінде жиынтық құнға күрделі шығындарды жасасуы туралы және/немесе 500 000 000 теңгеден аспайтын шығыстарды, көрсетілген мәмілелерге өзгерістер мен толықтыруларды және | 3. Пункт 131 Статьи 12 Устава дополнить подпунктом 12) и изложить в следующей редакции:<br>«12) принимает решение о:<br>- приобретении и реализации автотранспортных средств на сумму не превышающую 30 000 000 тенге;<br>- заключении Обществом, а также дочерними организациями сделок и совокупности взаимосвязанных сделок или решений, влекущих непредусмотренные бюджетом затраты по приобретению, товаров, работ и услуг в рамках основной деятельности, капитальных затрат на совокупную стоимость в течении бюджетного года не превышающую 10% от суммы утвержденного бюджета по основной деятельности за минусом амортизации и других не денежных расходов и/или не превышающую 500 000 000 тенге, изменения и дополнения |

| | |
|---|---|
| оларды қоғамның жасасуы туралы мерзімінен бұрын бұзуды, және/немесе 100 000 000 теңгеден аспайтын амортизацияны және басқа да ақшалай емес шығыстарды шегергенде бекітілген бюджет сомасының 10% - ынан аспайтын және / немесе 100 000 000 теңгеден аспайтын бюджет ішінде жиынтық құнға бюджетте көзделмеген шығындарға әкеп соғатын мәмілелерді және өзара байланысты мәмілелердің немесе шешімдердің жиынтығын білдіреді. | в указанные сделки и их досрочное расторжение о заключении Обществом, а также дочерними организациями сделок и совокупности взаимосвязанных сделок или решений, влекущих непредусмотренные бюджетом затраты на совокупную стоимость в течении бюджетного года не превышающие 10% от суммы утвержденного бюджета административных затрат за минусом амортизации и других не денежных расходов и/или не превышающую 100 000 000 тенге, изменения и дополнения в указанные сделки и их досрочное расторжение». |

**«Шұбаркөл Премиум»АҚ акционерлері/**
**Акционеры АО "Шубарколь Премиум":**

**«Corp-management» ЖШС**, БСН 190340008042, басқарма төрайымы З.Г. Жұмабекова тұлғасында 2019 жылғы 09 сәуірдегі № 1134 сенімгерлік басқару келісімшарты негізінде әрекет ететін, «Joint Resources» атты акционерлік қоғамының мүддесінде әрекет ететін 2 864 920 жай акциясы мен «FCI Management LLP» атты жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 705 540 жай акциясы/
**ТОО «Corp-management»**, БИН 190340008042, в лице Председателя Правления Жумабековой З.Г., действующей на основании Договора доверительного управления № 1134 от 09 апреля 2019 года в интересах Акционерного общества «Joint Resources», владеющего 2 864 920 простых акций и Товарищества с ограниченной ответственностью «FCI Management LLP», владеющего 705 540 простых акций.

Жумабекова Заурем Гълимбековна
___________________________________

**«Trans Coal Investment group» ЖШС-нің** директоры атынан Ш. Елимесова/
**ТОО «Trans Coal Investment group»**, в лице Директора Елимесовой Ш.

Елимесова Шынар
___________________________________

***Алматы қаласы, бесінші мамыр екі мың жиырма екінші жыл.*** Мен, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігімен 18.10.2000 жылы берілген № 0000820 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет етуші Алматы қаласының нотариусы Аканов Бахтияр Антонович менің көзімше құжатқа ***«Шұбаркөл Премиум» АҚ акционерлері «Corp-management» ЖШС басқарма төрайымы, «Joint Resources» АҚ және «FCI Management» ЖШС мүддесі үшін қол қоюшы Жумабекова Зауреш Галымековна және «Trans Coal Investment group» ЖШС-нің директоры атынан Елимесова Шынар***, қойған қолдарының түпнұсқа екендігін куәландырамын. Құжатқа қол қоюшылардың жеке басы анықталды, әрекет қабілеттіліктері тексерілді.

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

***Реестрде № 1416 болып тіркелді***
***Нотариусқа: МБАЖ 306 теңге + ҚТС 3063 теңге төленді.***
***Нотариус***______________________________

Пронумеровано и прошнуровано на 6 (шести) листах.
Нотариус ______

***Республика Казахстан, город Алматы, пятое мая две тысячи двадцать второго года.*** Я, Аканов Бахтияр Антонович, нотариус города Алматы, действующий на основании Государственной лицензии №0000820, выданной Министерством Юстиции Республики Казахстан 18.10.2000 года, свидетельствую подлинность подписи ***акционеров АО «Шубарколь Премиум», ТОО «Trans Coal Investment group» в лице директора*** гр. ***Елимесовой Шынар и ТОО «Corp-management» в лице Председателя Правления Жумабековой Зауреш Галымбековной и в интересах АО «Joint Resources» и ТОО «FCI Management LLP»,*** которые сделаны в моем присутствии. Личность подписавших документ установлена, полномочия и дееспособность их проверены.

***Зарегистрировано в реестре за №1416***
***Оплачено госпошлина 306 тенге + ПТХ 3063 тенге***
***Нотариус***______________________________

ES440186022050516250 1R70602C
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия